

Кентау қаласының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 258 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қазанда № 3381 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 4 ақпандағы № 293 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 04.02.2016 № 293 шешімімен.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387 бабының 1-1 тармағына, 444 бабының 1 тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Кентау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Кентау қаласының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін он е с е г е ж о ғ а р ы л а т ы л с ы н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а л а л ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>М.Күнпеисов</i>	
	<i>Қ а л а л ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>хатшысы</i>	<i>К.Сырлыбаев</i>	